

# БУЛЛИНГТІҢ ЖАҢА ТҮРІ – КИБЕРБУЛЛИНГ

Интернет-технологиялар мен жаппай ұялы байланыстың таралуымен балалардың әлеуметтік желілердегі виртуалды белсенділігі артты. Осылайша заманауи қарым-қатынас технологияларын пайдаланылатын буллингтің жаңа түрі – **кибербуллинг** пайда болды. Бұл ұялы телефондар, интернет және түрлі электронды құрылғылардың көмегімен қорлау арқылы нақты бір адамның атына жасалған агрессивті әрекеттердің жиынтығы.



## Кибербуллинг мысалдары:

- ◆ жәбірленушіге қорлайтын хабарламалар жіберу;
- ◆ онлайн режимінде мазақтау;
- ◆ зиян келтіруге немесе қорлауға бағытталған жеке ақпаратты көпшілікке қолжетімді етіп орналастыру;
- ◆ әлеуметтік желілерде блогтар немесе форумдар жүргізу, олардың мақсаты құрбанды қорлау және жәбірлеу, оған психологиялық алаңдаушылық пен жан азабын келтіру болып табылады.



Соңғы уақытта буллингтің осы түрі агрессияның басым түріне айналып отыр. Оған негізінен жасөспірімдер мен жастар қатысады.



Кибербуллинг – айналасындағылар үшін жасырын үдеріс, бірақ виртуалды кеңістікте қудалауға ұшыраған балалар әртүрлі дәрежедегі ауыр психологиялық жарақат алады.

